

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ СЕРИЯСЫ
1997 ЖЫЛДАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ СЕРИЯ
ИЗДАЕТСЯ С 1997 ГОДА

ISSN 2710-2661

№ 2 (2022)

ПАВЛОДАР

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета**

Педагогическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ03VPY00029269

выдано

Министерством информации и коммуникаций
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области педагогики,
психологии и методики преподавания

Подписной индекс – 76137

<https://doi.org/10.48081/UMYC5887>

Бас редакторы – главный редактор

Бурдина Е. И.

д.п.н., профессор

Заместитель главного редактора
Ответственный секретарь

Ксембаева С. К., *к.п.н., доцент*
Нургалиева М. Е., *PhD доктор*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Пфейфер Н. Э.,	<i>д.п.н., профессор</i>
Жуматаева Е.,	<i>д.п.н., профессор</i>
Абибулаева А. Б.	<i>д.п.н., профессор</i>
Мирза Н. В.,	<i>д.п.н., профессор</i>
Фоминых Н. Ю.,	<i>д.п.н., профессор (Российская Федерация)</i>
Снопкова Е. И.,	<i>к.п.н., доцент (Беларусь)</i>
Кудышева А. А.,	<i>к.п.н., ассоц. профессор</i>
Оспанова Н. Н.,	<i>к.п.н., доцент</i>
Оралканова И. А.,	<i>PhD доктор</i>
Омарова А. Р.,	<i>технический редактор</i>

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

ТЕОРИЯ И МЕТОДИКА ОБУЧЕНИЯ

FTAMP 17.01.45

<https://doi.org/10.48081/UITMY9931>***Н. С. Балтабаева¹, Б. Т. Панзабек²**^{1,2}Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.**ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУДАҒЫ
КӨШБАСШЫЛЫҚТЫҢ РӨЛІ**

Мақалада қазақ әдебиетін оқытуда көшбасшылықтың тиімді нәтижесіне жетудің теориялық және көп деңгейлік зерттеулеріне негізделген ақпараттар беріледі. Білім беруде оқытушының өзіне және білім алушыға әсер ететін көшбасшылық бағдарлар жұмыс тиімділігін арттыру мен шабыттандыруға, білім сапасын нығайтуға көмектеседі. Бұл зерттеу әдістері мен тәсілдері арқылы оқытуда жоғары оқу орнындағы көшбасшылық туралы білімді толықтырады. Қазақ әдебиетін оқытуда трансформацияланған көшбасшылық әдеби-құрылымдық контексте тереңірек түсінік алуға шақырады. Білім алушылардың психологиясына, үлгерім сапасына, позитивті қарым-қатынас жасауға, көркем әдебиетті оқуға, талдауға, ізденуге, тұлға қалыптастыруға көмектеседі. Көшбасшы оқытушыларға өз жұмысына нақты мақсат қоюға, адалдыққа, мотивация жасауға маңызды оң үлес қосады.

Мақалада тақырыптың өзектілігі қазақ әдебиетін оқыту арқылы көшбасшылықтың дамуы, маңызы сипатталады. Соған сәйкес қазақ әдебиетін оқыту мәселесіне, жан-жақты дамытуға әдістеме арқылы зерттеу жүргізіледі. Зерттеу барысында сипаттау, сараптау, талдау, салыстыру әдістері қолданылады. Көшбасшылықты қазақ әдебиетін оқыту арқылы білім беру қызметін талдау негізінде анықтап көрсетеді.

Білім беру саласындағы көшбасшылық тек басқарумен ғана сипатталмайтынын нақтылайды, тереңдеп зерттеуге тырысады. Қазіргі заманғы әдебиет саласындағы көшбасшылықтың негізгі

мақсаты – адамды дамытуға, жеке тұлғаны дамытуға күш салатындығы сараланады.

Кілтті сөздер: білім саласындағы көшбасшылық, қазақ әдебиетін оқыту, әдіс-тәсілдер, мотивация, өзара әрекеттестік, дамыту.

Кіріспе

Қазіргі кезеңде білім берудің мақсаттары түрлі өзгерістерге сәйкес бейімделіп, реттеліп, толықтырылып отыр. Жаңа мақсатқа сай жасалған оқу құрылымы мен мазмұнында логикалық жүйелілік сақталса, нәтижесі де дұрыс болары анық. Жаңартылған білім беру мазмұнында педагог оқытушылардың үздіксіз кәсіби дамуына әсер ету, ғылыми-әдістемелік дайындығын күшейту де басты мақсат болмақ. Ал бекітілген және жаңа мақсатқа қол жеткізу үшін түрлі өзгерістер енгізуге бастама жасалатындығы анық. Білім оқу орындарына педагогикалық бағытты қолдай алатын, өз мамандығына жауапкершілікпен қарай алатын, білім алушыларды шабыттандыруға, ынталандыруға, білім беруге, қолдауға, тұлға қалыптастыруға қабілетті көшбасшылар қажет. Бұл жаңа көзқарастарға бағыттау міндетті түрде оқытушылардың бірлескен қызметтерін ұйымдастыруға алып келеді. Оған жақсырақ жұмыс істеу жеткіліксіз, жақсы көшбасшы болу керек. Жақсы көшбасшы болуға шеберлігі дамумен қатар жүретін, білімді, өз ұстанған саласының маңыздылығын білетін, ықпалды, этикалық нормаларды сақтайтын тұлға қажет. Іс-әрекетті жасау жаңа ақпаратты жинақтаудан басталып, нәтижелі шешіммен қорытындыланады, рефлексияға ұласады, өз кәсіби деңгейіне өзіндік баға бере отыра көшбасшылықтың қажеттілігі айқындалады. Пандемия кезеңі де білім берудегі өзгерістерге көшбасшы оқытушыға мұқтаж екендігін көрсетті. Қазіргі қазақ әдебиетін оқытуда білім алушыны сын тұрғысынан ойлауға, көркем шығармаға қызығушылық танытуға бейімдейді, тиімді үйрету арқылы білім алушы бойынан түрленген оқыту нәтижесін көре алады, шын мәнісінде нақты мақсатын қалыптастыра алады.

Зерттеу мақсаты: Қазақ әдебиетін оқыту арқылы жан-жақты көшбасшылықтың маңызын анықтау. Көшбасшылықтың шығармашылық қуатын, біліктілігін саралау, кәсіби дамуына ықпал ету, әдістемелік дайындығын күшейту, қазақ әдебиетін оқытуда тиімді әдістер арқылы талдау.

Зерттеу міндеттері:

- 1) Көшбасшылықты, қазақ әдебиетін оқытуды зерттеген еңбектердегі ғылыми пікірлерді топтастыру;
- 2) Қазақ әдебиетін оқытудың қазіргі таңдағы даму бағыттарын, өмірлік маңызды көшбасшылық стилін, мотивацияға, кәсіби мақсатқа әсерін саралау;

3) Лауазымға байланысты көшбасшылықтан кәсіби көшбасшылықтың айырмашылығын, дамуын қарастыру;

4) Тәжірибелік оқыту үдерісіндегі ұсынылған әдістеменің тиімділігін анықтау;

Зерттеу материалдары мен әдістері:

Қазақ әдебиетін оқытудың тарихына жасаған шолу зерттеуші ғалымдардың әдіс-тәсілдер арқылы жан-жақты қарастырғанын байқатты. Әдебиетті оқыту жоғары оқу орындарында ғылыми негізде және жүйелі іс-тәжірибелік нәтижелер мен әдістемелік заңдылықтармен оқылатындығы белгілі. Оқу жүйесінде жетекші пәндердің бірі ретінде ұлттық қуатты тәрбие құралы екендігі анық. Көркем әдебиет туындыларын орта мектеп пен жоғары оқу орнында оқыту қажеттігі маман даярлауда, инновациялық идеяларды жүзеге асырушы заманауи интеллектуалды көшбасшыларды даярлауда өз маңызын жойған жоқ. Даму, дамыту мақсатында адалдық, кәсібилік, әлеуметтік жауапкершілік, академиялық еркіндік, жаһандық азаматтылық, ашықтық сияқты құндылықтар арқылы даярлау қалыптастырылуда. Жоғары оқу орындары мен орта білім мектептерінде көшбасшы тұлғаларды даярлау стратегиялық мақсаттарына айналған.

Ұлттық әдебиетіміздің әдеби-сыни мұрасы қазақ әдебиетін түрлі әдістермен оқытуда толықтай бірізді жүйеге түсе алмай келеді. Әдіс-тәсіл, технологиялардың тез жылдамдықпен өзгеріп жаңарып отыруына байланысты тиімдісін пайдалану қиындықтары туындап отыр. Батыстың оқыту технологиясы мен әдістерін пайдалану уақыт өте келе әдіскер зерттеушілер, әдіскер педагогтар өз тіліміздегі, әдебиетіміздегі әдістерді жаңғыртуда. Ғалым зерттеуші К. С. Әбдіқалық: «Ж.Аймауытовтың «Шалымды оқытушы әңгімені түріне қарай, әдісін өзі тандамақ» деген қағидасын бүгінгі қазақ әдебиеті әдістемесінің төріне алтын әріппен жазылған, бұлжымас ережеге айналдыру қажет... Әдіскер ғалымның шағын әңгімелерді қалай оқыту керектігін болжаммен емес, нақты кесіп, пішіп айтуы ойланарлық жайт. Өйткені, бұл әдістердің өміршеңдігін танытады. Шынында да қаралған әдістер кеңес дәуірінде де, кейінгі дәстүрлі жүйеде де қолданыста болып, бүгінгі жаңартылған оқыту жүйесінде де өз құндылығын жоя қойған жоқ» [1].

Білім беру жоспары мемлекеттік дәрежеде жаңа білімді игеру мүмкіндігіне ие болса, назар аударса, озық білім беру жүйесінің қалыптасуы жаңа бағытта дамуына мүмкіндік береді. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2019 жылдың 4 қыркүйегінде өткен Азия жазушыларының бірінші форумында сөйлеген сөзінде: «Қазақ әдебиеті – халқымыздың санғасырлық тарихымен біте қайнасқан асыл қазына» [2], – деп атап өтсе, Д. Ә. Абаев: «Ел болашағы – өскелең ұрпаққа біліммен қоса

тәлім-тәрбиені де қатар беріп, ұлттық құндылықтарды танытудың бірден-бір жолы – «Қазақ әдебиеті» пәнін оқыту екендігі белгілі. Мемлекеттік идеологияның да бастау алар қайнар бұлағының бірі – төл әдебиетіміз екені сөзсіз» [3], – деп пәннің өзектілігі қоғамдық дәрежеге көтеріп отыр. Жоғары оқу орнында әдебиетті оқыту заманауи әдіс-тәсілдермен дамып келе жатқаны белгілі. Бірыңғай дәстүр арнасын тереңінен қолданып, жаңа болжам, психологиялық-педагогикалық интеграция тәжірибеде қажеттілігі айқындалып, сұраныс деңгейі артып келеді. Кешенді түрде қарастырылып та келеді, әйтсе де қазақ әдебиетіне қатысты көптеген мәселелерді әдістеме және ұлттық құндылықтар, көшбасшылық тұрғысынан қайта зерделеу қажет.

Әдебиетті оқытуда Ы. Алтынсариннің («Қазақ хрестоматиясы») ұстанымы мәтінді оқып-талдау жүйесін қалыптастыруда, басқа тілді мектептерде әдебиетті оқытуда үлкен үлес қосқаны белгілі. Ахмет Байтұрсынұлының 1928 жылы Қызылорда қаласында басылып шыққан «Тіл жұмсар» атты әдістемелік еңбегінде «әдістің қолайлы болғаны, әдістің жақсы, жаман болмағы жұмсалатын орынның керек қылуына қарай» десе, М. Жұмабайұлы «Сауатты бол» (1923) әр баланың қызығушылығын бастауышта жақсы дайындық жасау керектігін баса айтады. Жоғарыда айтылған ұлы тұлғаларымыздың пікірлері өз маңызын әлі де жойған емес, керісінше әдебиетті оқыту деңгейін арттыруға өз үлесін қосуда.

Қазақ әдебиетін оқыту тарихында Ә. Қоңыратбаевтың «Әдебиетті оқыту әдістемесінің очерктері» атты еңбегі дастандар мен өлеңдерді оқытуда мәтінмен жұмыс істеу, талдау, 5–6 сыныптар үшін әдістемелік жұмыстар, сыныпта және сыныптан тыс жүргізілетін жұмыстарды нақты зерттеулер арқылы тереңдеп көрсеткен [4]. А. Көшімбаевтың «Қазақ әдебиетін оқыту методикасы» [5] атты еңбегінде әдіспен оқытудың әдістемелік негізін дәйектеп, оқыту жүйесін қарастырды. Зерттеуші-әдіскер ғалымдардың бірегейі Қ. О. Бітібаеваның әдебиетті оқыту саласында жасаған еңбектері көп маңызға ие. Білім алушының күзіндеттілігін дамытып, көшбасшы, жеке тұлға ретінде қабылдап, оны дамыту, оқыту әр еңбегінде жүйелі қарастырған. «Әдебиет пәнінің ерекшелігі сол – ол оқушының жүрегіне, сезім қылына әсер етуі керек. Әдебиет мұғалімі сабақта белсенді түсіндіруші, белсенді хабаршы ғана емес, ол ең алдымен өзінің алдында адам, азамат, болашақ қоғам орнатушылары отырғанын, олардың өз сезімі, өз ой-пікірі бар екенін сезінуі керек...» [6.47 б.].

Әдебиет пәні әр сабақта әр білім алушының дамуына қызмет етуі керек. Сыни тұрғыдан ойсыз өткен сабақ бос өткен сабақ болып есептеледі. Бұндай олқылықтарды болдырмау жолдарын қарастырған абзал. Сабақтың мазмұнына, әр білім алушының бойындағы көшбасшылық қабілеттерді әдебиетті оқыту арқылы мақсат етілуі керек. Оқытушының білім алушыға

берерлік зерттеушілік тапсырмалар да әдіс-тәсілдер арқылы жасалуы қажет. Жалпы, әдебиет сабағының оқыту барысындағы қағидаларын да назарда ұстауымыз керек. Қазақ әдебиетін сөз өнері ретінде оқыту, ұлттық құндылықтар негізінде оқыту, тұлға, көшбасшы қалыптастыру мақсатында оқыту болып табылады.

Қазіргі кезеңде қазақ әдебиетін жоғары мектептерде оқыту туралы Қ. Т. Жұмажанова, Б. Д. Жұмақаева, Б. Керімбекова т.б. әдіскер ғалымдар зерттеп, әдіснама турасында пікір білдіріп жүр. Белгілі ғалым Қ. Т. Жұмажанова өзінің «Әдебиетті оқыту әдістемесі» [7] еңбегінде саралай келе дамыта оқыту технологиясын, модульді оқыту технологиясын, әдеби мәтіндерді меңгерту технологиясын, жобалау технологиясын ерекшеліктеріне қарай талдап, нәтижесіне мән береді. Сонымен бірге зерттеуші ғалым сыныптан тыс оқыту барысына да ерекше назар аударады. Белгілі әдіскер Б. Д. Жұмақаева қазақ әдебиетін оқытуда мәтінмен жұмыс әдісіне пікір білдіреді. «Мәтінді тану сөз бірліктерін түсініп оқудан басталатынын жоққа шығара алмаймыз. Ендеше алғашқы оқу-таным әрекеті бағдарламадағыдай шығарманың құрылымдық жүйесі, мазмұны мен пішінді талдаудан басталмай, сөз мағынасын танудан басталғаны жөн» [8, 215 б.]. Зерттеуші ғалым көркем шығарманы талдау күрделі жүйе екендігін, оның күрделілігі автор мәтінінің тереңдігімен түсіндіреді. Талдаудың ұстанымдарын нақтылап алу керектігін, тұлғаның күзиреттілігін қалыптастыру да маңызды мәселелердің бірі екендігіне тоқталады.

Нәтиже және талқылау:

Әлемдегі зерттеулер барысында көшбасшылықты дамыту көп жағдайда оқытушының жұмысымен тікелей байланыстылығын көрсетіп отыр. Жұмыс тиімділігін арттыру үшін білім алушымен қарым-қатынас жасау барысында психологиялық қолдаулармен бірге мотивация, салауатты өмір салты, білім ордаларындағы жұмыстардың тиімділігін арттыру кешенді түрде ұйымдастырылу керектігі әр уақытта маңызды. Көп жағдайда сабақ беру барысында трансформацияланған көшбасшылық оқытушылардың жұмысына өз үлесін қосады, өзінің де көшбасшы тәрбиелеп шығуына түрткі болады. «Зерттеу көшбасшылық ұстаздардың жұмысына маңызды үлес қосады деген болжамды растайды, сонымен қатар мектеп мұғалімдерінің жұмысының тиімділігі мотивация мен мақсаттылықпен оң байланысты» [9, 313 б.]. Сонымен бірге көшбасшылықты дамыту барысында бағдарламалардың кемшілігін айта келе, оны дамытуда, тұлғаны қалыптастыруда жауапкершілікті тікелей университеттің өздері алу керек дейді. «Студенттерде көшбасшылықты дамыту – бұл жоғары оқу орындарының күзиретіне жатады. Соңғы онжылдықтарда әлемдегі

университеттерде студенттердің көшбасшылығын дамыту бағдарламалары көбейді. Алайда, «көшбасшылық» терминін түсінбеу нәтижесінде жоғары оқу орындарында оның қалай «дамуы» мүмкін екендігі туралы түсінік болмады. Студенттерде көшбасшылықты дамытуға ықпал ететін көптеген бағдарламалар бар, бірақ олардың барлығы бірдей емес...» [10, 106 б.]. Көшбасшылық қабілет, ол тегінен, табиғатынан бар болса, оқытушы білім алушыға өз деңгейіне сәйкес көмектесе алар еді және жақсы нәтиже шығаруы мүмкін. Яғни, интеллектісі жоғары болса, кез келген салада өзінің көшбасшылығын алып шығады. Білім алушы бойында міндетті түрде қызығушылығы, шығармашылыққа бейімдігі, сыни тұрғыдан ойлай алатын болуы нәтижені еселей түседі. Назарбаев Зияткерлік мектептері бұл бағытта өнімді еңбек етіп келеді. Көшбасшы тұлғаның ең жақсы жолдарын қарастыруда, тәжірибелер жасалуда. «XXI ғасыр мектептері негізгі оқу пәндеріне XXI ғасырдың негізгі дағдыларын (сыни ойлау, коммуникация, ынтымақтастық және шығармашылық) кіріктіре отырып, оқыту мен инновациялық дағдыларды дамытуға бағытталуы керек: тіл мен әдебиет, әлем тілдері, өнер, математика, т.б.» [11, 70 б.]

Көшбасшылықтың даму барысы оқытушының да, білім алушының да қабілеті мен қарымына байланыстылығы және олардың көшбасшылық құндылығын сақтау, анықтау, дамыту деңгейімен сараланады, жаңашыл білікті маман дайындау қажеттігін міндеттейді. Сонымен қатар қызметкерлермен қарым-қатынас жасау, инновациялар үшін жұмыс ортасын құру, профессор-оқытушылар құрамының көзқарасы бойынша инновациялық көшбасшылық тәжірибесінің дәрежесін анықтау өзекті мәселелердің бірі. Шетелдік әріптестеріміз де көшбасшылықты дамыту мақсатында білім саласында бірқатар жұмыс жасағандығына көз жеткізуге болады. Көшбасшылықты зерттеу мақсаттарына қол жеткізу үшін Таиф университетінің 336 оқытушысының оқыту-зерттеу әдісіне қолданылған сауалнама пайдаланылған. Қорытындылар профессорлық-оқытушылар құрамының көзқарасы бойынша Таиф университеті инновациялық көшбасшылық тәжірибесінің деңгейі жоғары екеніндігін, оқытушы құрамының жаңашылдыққа ұмтылысын талдап көрсетеді [12].

Әдебиетті оқыту барысында әдістерді дұрыс пайдалану, мәтінмен жұмыс, аудиториямен қарым-қатынас, кері байланыс, білім деңгейі көшбасшылық деңгейіне тығыз байланысты. Әдістердің кімге бағытталғаны аса маңызды, әсіресе оқытушыға бағытталған әдіс көшбасшылықтың дамуына негізгі әсерін тигізеді. Сонымен бірге білім алушыға бағытталған әдістер мен интерактивті әдістер жағдаяттармен байланыстыра ынтымақтастықта оқытса, өз нәтижесін бермек. Оқыту әдістері білім алушының оқуын қамтамасыз ету,

дамыту үшін пайдаланылады. Бұл стратегиялар көшбасшылықты дамытуда пөнге де , білім алушы тұлғасына тікелей байланысты анықталады.

Қорытынды

Білім берудің тиімді жүйесін қалыптастыру, жаңа жоғары сапаға жету, білім алушыларды маман ретінде сауаттылығын арттыру, инновациялық ғылыми зерттеулерге бейімдеу, нарықтық бәсекеге қабілетті маман даярлау көшбасшы тұлғасын қалыптастыруға жаңа мүмкіндіктер ашады.

Ұстаздық көшбасшылықтың лауазымға негізделген көшбасшылықтан айырмашылығы, жоғары оқу орнының рөлдері мен лауазымына қарамастан, әрбір оқытушы білім ордасына және қоғамға даму мен өзгеріс енгізудің белсенді қатысушылары ретінде қарастырылады.

Қазақ әдебиетін оқыту мен оқуды күшейту, оқыту мен оқудың жағдайын жақсарту, ұлттық құндылықтарға назар аудару басшылық ұйымдастырушыдан бастап білім алушыларға дейін қамтылуы қажет.

Кәсіби көшбасшылықтан пәнді оқыту көшбасшылығына әдістер мен технологиялар арқылы оқыту өз маңыздылығын арттырып келеді.

Растау: Бұл жұмысқа ҚР, БЖҒМ Ғылым комитеті қаржылық қолдау көрсетті (грант ЖТН АР09562194)

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Әбдіқалық, К., Ермахан, А.** Оқу әдістемесі өзімізде жасалған // Қазақ әдебиеті. – 16 ақпан, 2021.

2 Азия әдебиетін әлемге әйгілейтін форум // [Электронды ресурс]. – <https://egemen.kz/>. – 5 қыркүйек, 2019.

3 **Абаев, Д.** «Қазақ әдебиеті» оқулығының кемшілігіне тоқталды // [Электронды ресурс]. – <https://egemen.kz/>. – 27 тамыз, 2020.

4 **Қоңыратбаев, Ә.** Әдебиетті оқыту методикасының очерктері. – Алматы : Мектеп, – 1970. 242 б.

5 **Көшімбаев, А.** Қазақ әдебиетін оқыту методикасы. – Алматы, 1969.

6 **Бітібаева, Қ.** Әдебиет пәнін оқытудың тиімді жолдары // Алматы : «Рауан», 1990. – 199 б.

7 **Жұмажанова, Т.** Әдебиетті оқыту әдістемесі. – Алматы : Білім, 2009. – 288 б.

8 **Жұмақаева, Б.** Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі : оқулық. – Алматы : «Қыздар университеті» баспасы, 2015. – 247 б.

9 **Nor Zanariah Talib, Norhannan Binti Ramli, Zaharah Binti Hussin, Shahrir Bin Jamaluddin, Jumadil Saputra.** Transformational Leadership and Teacher's Performance: The mediating role of motivation and commitment //

Opción, Año 35. – Especial No. 21 (2019): 306–322.– ISSN 1012-1587/ISSNe: 2477-9385.

10 **Jane Skalicky, Kristin Warr Pedersen, Jacques van der Meer, Sally Fuglsang, Phillip Dawson & Sarah Stewart.** A framework for developing and supporting student leadership in higher education // *Studies in Higher Education*. – Vol. 45. – Issue 1 (2020). – P. 100–116.

11 **Камс, К.** XXI ғасыр дағдыларының көшбасшылықты дамытудағы әсері қандай? Педагогикалық диалог // *Ақпараттық-әдістемелік журналы*. – № 1. – 35. – 2021.

12 **Shada Faraaj.** Innovative Leadership Practices in Higher Education Settings // *Journal of Positive Psychology and Wellbeing*. – Vol. 6. – No. 1. – 2022.

REFERENCES

1 **Äbdıqalıq, K., Ermaxan, A.** Oqw әдістемесі өзimizде жасалған [Teaching methods are developed in our country] // *Qazaq әдебиеті*. – 16 ақпан, 2021.

2 Azıya әдебиетін әлемге әygıleytin forum. [Forum to promote Asian literature to the world]. [Electronic resource]. – <https://egemen.kz>. – 5 qırküyek, 2019. 3 **Abaev, D.** «Qazaq әдебиеті» oqwlǵınıń kemsılıgine toqtaldı [noted the shortcomings of the textbook «Kazakh literature»]. [Electronic resource]. – <https://egemen.kz/>. – 27 tamız, 2020.

4 **Qoñırtaev, Ä.** Ädebıetti oqıtw metodıkasınıń oçerkteri [Essays on the methods of teaching literature]. – Almaty : Mektep, 1970. – 242 p.

5 **Köşimbaev, A.** Qazaq әдебиетін oqıtw metodıkası [Methods of teaching Kazakh literature]. – Almaty, 1969.

6 **Bitibaeva, Q.** Ädebıet pänin oqıtwdıń tüimdi joldarı [Effective ways of teaching literature]. – Almaty : Rawan, 1990. – 199 p.

7 **Jumajanova, T.** Ädebıetti oqıtw әдістемесі [Methods of teaching literature]. – Almaty : Bilim, 2009. – 288 p.

8 **Jumaqeva, B.** Qazaq әдебиетін oqıtw әдістемесі : oqwlıq [Methods of teaching Kazakh literature: Textbook]. – Almaty : «Qızdar wñiversiteti» baspası, 2015. – 247 p.

9 **Nor Zanariah Talib, Norhannan Binti Ramli, Zaharah Binti Hussin, Shahrir Bin Jamaluddin, Jumadil Saputra.** Transformational Leadership and Teacher’s Performance : The mediating role of motivation and commitment. Opción, Año 35. – Especial No.21. – 2019. – P. 306–322. – ISSN 1012-1587/ISSNe 2477-9385.

10 **Jane Skalicky, Kristin Warr Pedersen, Jacques van der Meer, Sally Fuglsang, Phillip Dawson & Sarah Stewart.** A framework for developing and

supporting student leadership in higher education. *Studies in Higher Education*, Volume 45. – Issue 1 (2020). – P. 100–116.

11 **Kams, K.** XXI ғасыр дағдılarının көшбасшылықты дамытудағы әсері қандай? [What is the impact of 21st century skills on leadership development?]. – *Pedagogikaliq dialog. Aqqarattiq-ädistemelik jwrnalı.* – №1. – 35. – 2021.

12 **Shada Faraj.** Innovative Leadership Practices in Higher Education Settings. // *Journal of Positive Psychology and Wellbeing.* – Vol. 6. – No. 1. – 2022.

Материал 13.06.22 баспаға түсті.

*Н. С. Балтабаева¹, Б. Т. Панзабек²

^{1,2}Қазақский национальный женский педагогический университет,
Республика Казахстан, г. Алматы.

Материал поступил 13.06.22.

РОЛЬ ЛИДЕРСТВА В ПРЕПОДАВАНИИ КАЗАХСКОЙ ЛИТЕРАТУРЫ

В статье представлена информация, основанная на теоретических и многоуровневых исследованиях для достижения эффективных результатов в изучении казахской литературы. Руководящие принципы лидерства в образовании, которые влияют на учителя и ученика, повышают качество образования, повышают и вдохновляют на эффективность. Он дополняет знания университетского лидерства в преподавании с помощью исследовательских методов и приемов. Преобразование лидерства в изучении казахской литературы требует более глубокого понимания литературно-структурного контекста. Помогает развивать психологию студентов, качество достижений, позитивное общение, чтение, анализ, исследования, развитие личности. Лидерство вносит значительный положительный вклад в то, чтобы учителя ставили четкие цели, добросовестно и мотивировали их работу.

В статье описывается актуальность темы, развитие и важность лидерства через изучение казахской литературы. Соответственно, проводится исследование проблем преподавания казахской литературы, ее комплексное развитие. В исследовании используются методы описания, анализа, анализа, сравнения. Демонстрирует лидерские качества посредством анализа образовательной деятельности посредством изучения казахской литературы.

Уточняет, что лидерство в сфере образования характеризуется не только управлением, стремится к углубленному изучению. Дифференцируется, что основная цель лидерства в области современной литературы – это усилия по развитию человека, развитию личности.

Ключевые слова: лидерство в образовании, преподавание казахской литературы, методика, мотивация, взаимодействие, развитие.

*N. S. Baltabayeva¹, B. T. Panzabek²

^{1,2}Kazakh National Women's Teacher Training University,

Almaty, Republic of Kazakhstan.

Material received on 13.06.22.

THE ROLE OF LEADERSHIP IN TEACHING KAZAKH LITERATURE

The article provides information based on theoretical and multi-level research to achieve effective results in the study of Kazakh literature. Leadership guidelines that affect the teacher and the student in education strengthen the quality of education, increase efficiency and motivation. It complements the knowledge of university leadership in teaching through research methods and techniques. Transformed leadership in the study of Kazakh literature calls for a deeper understanding in the literary-structural context. Helps to develop students' psychology, quality of achievement, positive communication, reading, analysis, research, personality formation. Leadership makes a significant positive contribution to teachers to set clear goals, honesty and motivation in their work.

The article describes the relevance of the topic, the development and importance of leadership through the study of Kazakh literature. Accordingly, a study of the problems of teaching Kazakh literature, its comprehensive development is carried out. Methods of description, analysis, analysis, comparison are used in the research. Demonstrates leadership based on the analysis of educational activities through the study of Kazakh literature.

Clarifies that leadership in the field of education is characterized not only by management, strives for in-depth study. It is differentiated that the main goal of leadership in the field of modern literature is efforts for human development, personal development.

Keywords: leadership in education, teaching Kazakh literature, methods, motivation, interaction, development.

Теруге 13.06.2022 ж. жіберілді. Басуға 30.06.2022 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

5,65 Мб RAM

Шартты баспа табағы 25,55.

Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген З. С. Исакова

Корректоры: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 3936

Сдано в набор 13.06.2022 г. Подписано в печать 30.06.2022 г.

Электронное издание

5,65 Мб RAM

Усл.п.л. 25,55. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка З. С. Исакова

Корректор: А. Р. Омарова

Заказ № 3936

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

8 (7182) 67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

vestnik-pedagogic.tou.edu.kz